

Алматы облысының әкімшілік-аумақтық құрылысының кейбір мәселелері туралы

Алматы облысы әкімдігінің 2023 жылғы 24 қарашадағы № 411 бірлескен қаулысы және Алматы облыстық мәслихатының 2023 жылғы 24 қарашадағы № 9-54 шешімі. Алматы облысы Әділет департаментінде 2023 жылғы 4 желтоқсанда № 6052-05 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының Жер кодексінің 108-бабының 3-тармағына, "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 11-бабының 2), 3) тармақшаларына сәйкес және "Алматы облысы Қонаев қаласының шекарасын (шегін) өзгерту туралы" Алматы облыстық мәслихатының 2023 жылғы 24 қарашадағы № 9-53 бірлескен шешіміне және Алматы облысы әкімдігінің 2023 жылғы 24 қарашадағы № 410 қаулысына, Іле, Талғар ауданы әкімдіктерінің және мәслихаттарының бірлескен ұсыныстары негізінде, Алматы облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ және Алматы облыстық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Алматы облысы Талғар ауданы бойынша:

1) Іле ауданының шекарасына Қайнар ауылдық округінің Дәулет, Қайрат ауылдарынан тұратын әкімшілік-аумақтық бірліктерді және осы бірлескен Алматы облысы әкімдігінің қаулысы мен Алматы облыстық мәслихатының шешімінің қосымшасына сәйкес Қайнар, Нұра, Тұздыбастау ауылдық округтерінің жерлерін беру арқылы Талғар ауданының шекарасы өзгертіліп, шекаралардың жалпы көлемі 353274 гектар болып белгіленсін;

2) Іле ауданының шекарасына Қайнар ауылдық округінің Дәулет, Қайрат ауылдарынан тұратын әкімшілік-аумақтық бірліктерді және осы бірлескен Алматы облысы әкімдігінің қаулысы мен Алматы облыстық мәслихатының шешімінің қосымшасына сәйкес Қайнар ауылдық округінің жерлерін беру арқылы Қайнар ауылдық округінің шекарасы өзгертіліп, шекаралардың жалпы көлемі 11497 гектар болып белгіленсін;

3) Іле ауданының шекарасына осы бірлескен Алматы облысы әкімдігінің қаулысы мен Алматы облыстық мәслихатының шешімінің қосымшасына сәйкес жерлерді беру арқылы Нұра ауылдық округінің шекарасы өзгертіліп, шекаралардың жалпы көлемі 10525 гектар болып белгіленсін;

4) Іле ауданының шекарасына осы бірлескен Алматы облысы әкімдігінің қаулысы мен Алматы облыстық мәслихатының шешімінің қосымшасына сәйкес жерлерді беру арқылы Тұздыбастау ауылдық округінің шекарасы өзгертіліп, шекаралардың жалпы көлемі 2322 гектар болып белгіленсін.

2. Алматы облысы Іле ауданы:

1) Іле ауданының шекарасының құрамына Талғар ауданы Қайнар ауылдық округінің Дәулет, Қайрат ауылдарынан тұратын әкімшілік-аумақтық бірліктерді және осы бірлескен Алматы облысы әкімдігінің қаулысы мен Алматы облыстық мәслихатының шешімінің қосымшасына сәйкес Талғар ауданының Қайнар, Нұра, Тұздыбастау ауылдық округтерінің жерлерін қосу арқылы Іле ауданының шекарасы өзгертіліп, шекаралардың жалпы көлемі 802698 гектар болып белгіленсін;

2) Ащыбұлақ ауылдық округінің шекарасына Жетіген ауылдық округінің 116900,29 гектар жерлерін қосу арқылы өзгертіп, шекаралардың жалпы көлемі 163447,387 гектар болып белгіленсін;

3) Жетіген ауылдық округінің шекарасына Бәйсерке ауылдық округінің Қоянқұс, Ынтымақ, Жаңадәуір, Жаңаталап ауылдарынан тұратын әкімшілік-аумақтық бірліктерді және осы бірлескен Алматы облысы әкімдігінің қаулысы мен Алматы облыстық мәслихатының шешімінің қосымшасына сәйкес Бәйсерке ауылдық округінің жерлерін беру арқылы Байсерке ауылдық округінің шекарасы өзгертіліп, шекаралардың жалпы көлемі 64079,972 гектар болып белгіленсін;

4) Жетіген ауылдық округінің шекарасына осы бірлескен Алматы облысы әкімдігінің қаулысы мен Алматы облыстық мәслихатының шешімінің қосымшасына сәйкес жерлерді беру арқылы Қараой ауылдық округінің шекарасы өзгертіліп, шекаралардың жалпы көлемі 106936,87 гектар болып белгіленсін;

5) Жетіген ауылдық округінің шекарасына осы бірлескен Алматы облысы әкімдігінің қаулысы мен Алматы облыстық мәслихатының шешімінің қосымшасына сәйкес жерлерді беру арқылы Энергетический ауылдық округінің шекарасы өзгертіліп, шекаралардың жалпы көлемі 2128,7829 гектар болып белгіленсін;

6) Жетіген ауылдық округінің шекарасының құрамына Талғар ауданы Қайнар ауылдық округінің Дәулет, Қайрат ауылдарынан тұратын әкімшілік-аумақтық бірліктерді және осы бірлескен Алматы облысы әкімдігінің қаулысы мен Алматы облыстық мәслихатының шешімінің қосымшасына сәйкес Талғар ауданының Қайнар, Нұра, Тұздыбастау ауылдық округтерінің жерлерін, Іле ауданы Бәйсерке ауылдық округінің Қоянқұс, Ынтымақ, Жаңадәуір, Жаңаталап ауылдарынан тұратын әкімшілік-аумақтық бірліктерді және осы бірлескен Алматы облысы әкімдігінің қаулысы мен Алматы облыстық мәслихатының шешімінің қосымшасына сәйкес Іле ауданының Бәйсерке, Қараой, Энергетический ауылдық округтерінің жерлерін қосу арқылы Жетіген ауылдық округінің шекарасы өзгертіліп, шекаралардың жалпы көлемі 88000 гектар болып белгіленсін.

3. Талғар ауданының Дәулет, Қайрат ауылдары, Қонаев қаласының Заречный ауылдық округі және Арна, Заречный ауылдары, Іле ауданының Қоянқұс, Ынтымақ, Жаңадәуір, Жаңаталап, Құйған, Жаңаарна, Еңбек ауылдары Іле ауданы Жетіген ауылдық округінің құрамына енгізіле отырып, таратылсын.

2	Нұра ауылдық округінің жерлері	8619	6464		47			2	2106
3	Талғар ауданы Тұздыбастау ауылдық округінің жерлері	717	360						357
4	Іле ауданы Байсерке ауылдық округінің жерлері	18133	13111	1167	1111			229	2515
5	Іле ауданы Энергетический ауылдық округінің жерлері	167	110		24				33
6	Іле ауданы Қарой ауылдық округінің жерлері	12367	10801	153	183		37	21	1172